

Туризм саласындағы мемлекеттік қызметтердің стандарттарын бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 29 тамыздағы № 1099 қаулысы.
Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 5 наурыздағы
№ 192 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 05.03.2014 № 192 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджет кодексінің 34-бабына, «Әкімшілік рәсімдер туралы» Қазақстан Республикасының 2000 жылғы 27 қарашадағы Заңының 9-1 және 15-2-баптарына және « Ақпараттандыру туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 11 қаңтардағы Заңының 6-бабының 3) тармақшасына және 29-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған:

1) «Туристік ақпарат, оның ішінде туристік әлеует, туризм объектілері және туристік қызметті жүзеге асыратын тұлғалар туралы ақпарат беру» мемлекеттік қызмет стандарты;

2) «Туристік қызметті жүзеге асыратын тұлғалардың мемлекеттік тізілімінен және туристік маршруттар мен соқпақтардың мемлекеттік тізілімінен үзінді беру» мемлекеттік қызмет стандарты;

3) «Туристік операторлық қызметке (туроператорлық қызметке) лицензия беру, қайта ресімдеу, лицензияның телнұсқасын беру» мемлекеттік қызмет стандарты бекітілсін.

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Премьер-Министрі

Қазақстан

Үкіметінің

2012 жылғы

№ 1099

бекітілген

Қазақстан Республикасының

К. Мәсімов

Республикасы

29 тамыздағы

қаулысымен

«Туристік ақпарат, оның ішінде туристік әлеует, туризм объектілері және туристік қызметті жүзеге асыратын тұлғалар туралы ақпарат беру» мемлекеттік қызмет стандарты

1. Жалпы ережелер

1. «Туристік ақпарат, оның ішінде туристік әлеует, туризм объектілері және туристік қызметті жүзеге асыратын тұлғалар туралы ақпарат беру» мемлекеттік қызметі (бұдан әрі – мемлекеттік қызмет) осы стандартқа 1-қосымшаға сәйкес мекенжайлар бойынша облыстардың, Астана және Алматы қалаларының туризм, дене шынықтыру және спорт басқармалары (бұдан әрі – басқарма) көрсетеді.

2. Көрсетілетін мемлекеттік қызмет нысаны: автоматтандырылмаған.

3. Мемлекеттік қызмет «Қазақстан Республикасындағы туристік қызмет туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 13 маусымдағы Заңының 12-бабы 12) тармақшасының негізінде көрсетіледі.

4. Мемлекеттік қызмет көрсету стандарты Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрлігінің www.mint.gov.kz интернет-ресурсында орналастырылған.

5. Көрсетілетін мемлекеттік қызмет нәтижесі туристік әлеует, туризм объектілері және туристік қызметті жүзеге асыратын тұлғалар туралы қағаз тасығыштағы туристік ақпарат болып табылады.

6. Мемлекеттік қызмет жеке және заңды тұлғаларға (бұдан әрі – мемлекеттік қызмет алушы) көрсетіледі.

7. Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі:

а. бес жұмыс күнінен аспайды;

2) сұрау берген кезде күтудің жол берілген ең көп уақыты - 30 минуттан аспайды;

3) мемлекеттік қызмет алушыға қызмет көрсетудің жол берілген ең көп уақыты - 30 минуттан аспайды.

8. Мемлекеттік қызмет тегін көрсетіледі.

9. Мемлекеттік қызмет алу үшін құжаттарды қабылдауды жұмыс кестесі осы стандартқа 1-қосымшада көрсетілген басқармалар жұмыс күндері жүзеге асырылады.

Қабылдау алдын-ала жазылусыз және жылдам қызмет көрсетусіз жүзеге асырылады.

10. Мемлекеттік қызмет тиісті басқарманың ғимаратында көрсетіледі. Ғимарат мүмкіндігі шектеулі адамдардың кіруіне арналған пандуспен жабдықталған.

Мемлекеттік қызмет көрсету кезінде кезектіліктің болмауына байланысты күту залы көзделмеген.

2. Мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі

11. Мемлекеттік қызмет алу үшін мемлекеттік қызмет алушы тиісті басқармаға жазбаша сұраумен жүгінеді.

12. Өтініш еркін нысанда қалыптастырылады.

13. Құжаттарды қабылдау осы стандартқа 1-қосымшаға сәйкес мекенжайлар бойынша орналасқан тиісті басқарманың кеңсесі арқылы жүзеге асырылады.

14. Құжаттардың тапсырылғанын растау тіркеу (мөртабан және кіріс нөмірі, күні) болып табылады. Өтініш беруші үшін қабылданғаны туралы белгі қойылған көшірме беріледі.

15. Қызмет көрсету нәтижесін жеткізу тәсілі – жеке бару не почта арқылы.

16. Мемлекеттік қызмет көрсетуді тоқтата тұру немесе мемлекеттік қызметті ұсынудан бас тарту үшін негіздер жоқ.

3. Жұмыс қағидаттары

17. Басқармалардың қызметі мындай қағидаттарға негізделеді:

1) заңдылық;

2) адамның және азаматтың конституциялық құқықтары мен бостандықтарын, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызметшілерінің ар-намыс кодексін сақтау;

3) сыбайлас жемқорлық көріністеріне қарсы тұру;

4) мемлекеттік қызметшілер үшін заңнамада белгіленген тыйымдар мен шектеулерді қатаң сақтау;

5) заң мен сот алдында баршаның теңдігі;

6) азаматтардың құқықтары мен бостандықтарының басымдығы;

7) сапа және азаматтар мен ұйымдардың өтініштерін қарау кезінде төрешілік пен сөзбұйдалық көріністеріне жол бермеу;

8) жеке адамның, қоғам мен мемлекеттің өзара жауапкершілігі мен мүдделерінің теңбе-тең болуы;

9) мемлекеттік құпиялар және заңмен қорғалатын өзге де құпия туралы заңнаманы қатаң сақтай отырып, қоғамдық пікір мен жариялылықты ескеру;

10) көрсетілетін мемлекеттік қызмет туралы толық ақпарат беру;

11) өтінім беруші құжаттарды алуға келмеген жағдайда құжаттардың сақталуын қамтамасыз ету;

12) ақпараттардың сақталуын және құпиялылығын қамтамасыз ету;

1 3) т и і м д і л і к ;

14) сыпайылық.

4. Жұмыс нәтижелері

18. Мемлекеттік қызмет алушыға мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелері осы стандартқа 2-қосымшаға сәйкес сапа және тиімділік көрсеткіштерімен өлшенеді.

19. Мемлекеттік қызмет көрсететін уәкілетті органның жұмысы бағаланатын осы мемлекеттік қызметтің сапа және тиімділік көрсеткіштерінің нысаналы мәні жыл сайын Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрінің бұйрығымен бекітіледі.

5. Шағымдану тәртібі

20. Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрлігінің Туризм индустриясы комитеті (бұдан әрі – Комитет) қызметкерінің әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібін түсіндіруді және өтініш дайындауға жәрдем көрсетуді Комитет Астана қаласы, Абай даңғылы 33, 1501 кабинет мекенжайы бойынша жүзеге асырады.

21. Көрсетілген мемлекеттік қызмет нәтижелерімен келіспеген жағдайда шағым мемлекеттік қызмет алушының таңдауы бойынша мыналарға жолданады:

1) Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрлігі басшысына оның азаматтарды қабылдау кестесі министрліктің интернет-ресурсында мына мекенжай бойынша: www.mint.gov.kz орналастырылған;

2) Министрліктің «сенім телефонына» 8 (7172) 24-04-75, 24-04-76, 24-12-13;

3) Министрліктің www.mint.gov.kz мекенжайдағы интернет-ресурсының «сұрақ – жауап» бөліміне;

4) Министрдің блогына, Министрліктің www.mint.gov.kz мекенжайы бойынша интернет-ресурсының «Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрінің блогы» беті;

5) Министрлікте 010000, Астана қаласы, Қабанбай батыр даңғылы, 32/1 мекенжайы бойынша орналасқан шағымдар мен ұсыныстарға арналған жәшік арқылы;

6) 010000, Астана қаласы, Қабанбай батыр даңғылы, 32/1 мекенжайыны бойынша министрліктің кеңсесіне жазбаша шағыммен.

22. Дұрыс қызмет көрсетілмеген жағдайда Комитет қызметкерлерінің әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым Туризм индустриясы комитеті төрағасының атына жазбаша түрде немесе қолма-қол 010000, Астана қаласы, Абай даңғылы,

33, 1501 кабинет, тел. 8 (7172) 75 31 35 мекенжайы бойынша беріледі.

23. Көрсетілген мемлекеттік қызмет нәтижелерімен келіспеген жағдайда мемлекеттік қызмет алушы заңнамада белгіленген тәртіппен сотқа шағымдануға қ ұ қ ы л ы .

Шағымдарды қарау «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 12 қаңтардағы Заңымен белгіленген тәртіппен және мерзімдерде жүзеге асырылады.

24. Шағымның қабылданғанын растау оны тіркеу (мөртабан, кіріс нөмірі) болып табылады. Өтініш беруші үшін қабылданғаны туралы белгі қойылған к ө ш і р м е б е р і л е д і .

25. Комитеттің байланыс деректері: Туризм индустриясы комитеті төрағасының және төраға орынбасарының қабылдау бөлмесінің телефондары: 8 (7172) 75 31 35; сенім телефоны: 8 (7172) 75 34 62.

«Туристік ақпарат, оның ішінде туристік әлеует, туризм объектілері және туристік қызметті жүзеге асыратын тұлғалар туралы ақпарат беру» мемлекеттік қызмет стандартына 1-қосымша

Облыстардың, Астана және Алматы қалаларының туризм, дене шынықтыру және спорт басқармаларының мекенжайлары мен жұмыс кестелері

Р/с №	Мемлекеттік органның атауы	Мемлекеттік органның орналасқан жері	Жұмыс кестесі
1	2	3	4
1	Ақмола облысы әкімдігінің туризм, дене шынықтыру және спорт басқармасы	020000, Көкшетау қаласы, Пушкин көшесі, 11 «а», тел. 8 7162 40-15-41 akm_tour@mail.ru	күн сайын сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін, түскі асқа үзіліс сағат 13.00-ден 14.00-ге дейін, демалыс және мереке күндерін қоспағанда.
2	Алматы облысы әкімдігінің туризм, дене шынықтыру және спорт басқармасы	040000, Талдықорған қаласы, Желтоқсан көшесі, 222 тел. 8 7282 40 -02-07 ao_oblsport56@mail.ru	күн сайын сағат 9.00-ден 18.30-ге дейін, түскі асқа үзіліс сағат 13.00-ден 14.30-ге дейін, демалыс және мереке күндерін қоспағанда.
3		465050, Атырау қаласы, Абай көшесі, 10 «а», тел. 8 7122 32-05-24,	күн сайын сағат 9.00-ден 18.30-ге дейін, түскі асқа үзіліс сағат

	Атырау облысы әкімдігінің туризм, дене шынықтыру және спорт басқармасы	atyrau_oblsport@mail.ru. torism_atyrau@mail.ru	13.00-ден 14.30-ге дейін, демалыс және мереке күндерін қоспағанда.
4	Ақтөбе облысы әкімдігінің туризм, дене шынықтыру және спорт басқармасы	030010, Ақтөбе қаласы, Әбілхайыр хан көшесі,40, тел. 8 7132 55-26-36, aktobe_tourism@mail.ru	күн сайын сағат 9.00-ден 18.30-ге дейін, түскі асқа үзіліс сағат 13.00-ден 14.30-ге дейін, демалыс және мереке күндерін қоспағанда.
5	Шығыс Қазақстан облысы әкімдігінің туризм, дене шынықтыру және спорт басқармасы	070019. Өскемен қаласы Карл Либкнехт көшесі, 19, қабылдау бөлмесінің нөмері 25 06 68, 25 07 32 факс, қабылдау-каб. 301. vkosport@mail.ru	күн сайын сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін, түскі асқа үзіліс сағат 13.00-ден 14.00-ге дейін, демалыс және мереке күндерін қоспағанда.
6	Батыс Қазақстан облысы әкімдігінің туризм, дене шынықтыру және спорт басқармасы	09000, Орал қаласы, Достық-Дружба даңғылы, 201, каб 208, тел. 8 7112 51 -40-27 turizm-sport09@yande.ru	күн сайын сағат 9.00-ден 18.30-ге дейін, түскі асқа үзіліс сағат 13.00-ден 14.30-ге дейін, демалыс және мереке күндерін қоспағанда.
7	Жамбыл облысы әкімдігінің туризм, дене шынықтыру және спорт басқармасы	080008, Тараз қаласы, Желтоқсан көшесі, 72, тел 8 7262 56-85-27. zhambyloblsport@mail.ru	күн сайын сағат 9.00-ден 18.30-ге дейін, түскі асқа үзіліс сағат 13.00-ден 14.30-ге дейін, демалыс және мереке күндерін қоспағанда.
8	Қарағанды облысы әкімдігінің туризм, дене шынықтыру және спорт басқармасы	100012 Қарағанды қаласы, Бұхар жырау көшесі 53, Нұркен Әбдіров атындағы спорт кешені karaganda_tourism@mail.ru	күн сайын сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін, түскі асқа үзіліс сағат 13.00-ден 14.00-ге дейін, демалыс және мереке күндерін қоспағанда.
9	Қостанай облысы әкімдігінің туризм, дене шынықтыру және спорт басқармасы	110000 Қостанай қаласы, Таран көшесі 83, қабылдау бөлмесі -425 каб . тел. 8 7142 - 575-330, Туризмді дамыту бөлімі, 414 каб, тел 8 7142 53 -40-80. oblsport@kostanay.kz	күн сайын сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін, түскі асқа үзіліс сағат 13.00-ден 14.00-ге дейін, демалыс және мереке күндерін қоспағанда.
10	Қызылорда облысы әкімдігінің туризм, дене шынықтыру және спорт басқармасы	120003, Қызылорда қаласы, Ғани Мұратбаев көшесі,1 Орталық стадион, 8 7242 23-05-64. oblsport66@mail.ru	күн сайын сағат 9.00-ден 18.30-ге дейін, түскі асқа үзіліс сағат 13.00-ден 14.30-ге дейін, демалыс және мереке күндерін қоспағанда.
11	Маңғыстау облысы әкімдігінің туризм, дене шынықтыру және спорт басқармасы	130000, Ақтау қаласы, 12 ықшамауданы, «Жас қанат» спорт кешені, Тел. 8 7292 33-62-35, факс 31 -04-36	күн сайын сағат 9.00-ден 18.30-ге дейін, түскі асқа үзіліс сағат 13.00-ден 14.30-ге дейін, демалыс және мереке күндерін қоспағанда.
12	Павлодар облысы әкімдігінің туризм, дене шынықтыру және спорт басқармасы	140009, Павлодар қаласы, 1 май көшесі, 170 тел. 8 (7182) 619400, 619365, ф. 619150 pavlodaroblsport@mail.ru	күн сайын сағат 9.00-ден 18.30-ге дейін, түскі асқа үзіліс сағат 13.00-ден 14.30-ге дейін, демалыс және мереке күндерін қоспағанда.
13	Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің туризм, дене	150011, Петропавл қаласы, Қазақстан Конституциясы көшесі, 58, Туризмді дамыту бөлімі тел.	күн сайын сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін, түскі асқа үзіліс сағат 13.00-ден 14.00-ге дейін,

	шынықтыру және спорт басқармасы	8 7152 46-67-10, 466040, каб № 305. sport@sko.kz	демалыс және мереке күндерін қоспағанда.
14	Оңтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің туризм, дене шынықтыру және спорт басқармасы	160018, Шымкент қаласы, Мәделі Қожа көшесі, 1 тел. 8 7252 22-23-88. uko_turizm@mail.ru	күн сайын сағат 9.00-ден 18.30-ге дейін, түскі асқа үзіліс сағат 13.00-ден 14.30-ге дейін, демалыс және мереке күндерін қоспағанда.
15	Алматы қаласы әкімдігінің туризм, дене шынықтыру және спорт басқармасы	050000, Алматы қаласы, Республика алаңы, 4. Туризмді дамыту бөлімі, тел. 8 7272 71-67-01 otdel_turizma@bk.ru	күн сайын сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін, түскі асқа үзіліс сағат 13.00-ден 14.00-ге дейін, демалыс және мереке күндерін қоспағанда.
16	Астана қаласы әкімдігінің туризм, дене шынықтыру және спорт басқармасы	010000, Астана қаласы, Кенесары көшесі, 14 Туризмді дамыту бөлімі, тел 8 7172 39-12-08	күн сайын сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін, түскі асқа үзіліс сағат 13.00-ден 14.00-ге дейін, демалыс және мереке күндерін қоспағанда.

«Туристік ақпаратты, оның ішінде туристік әлеует, туризм объектілері және туристік қызметті жүзеге асыратын тұлғалар туралы ақпарат беру» мемлекеттік қызмет стандартына
2-қосымша

Кесте. Сапа және тиімділік көрсеткіштерінің мәні

Сапа және тиімділік көрсеткіштері	Көрсеткіштің нормативтік мәні	Көрсеткіштің келесі жылдағы нысаналы мәні	Көрсеткіштің есепті жылдағы ағымдағы мәні
1. Уақтылылығы			
1.1. Құжаттарды тапсырған сәттен бастап белгіленген мерзімде қызметті ұсыну оқиғаларының %-ы (үлесі)			
2. Сапасы			
2.1. Қызметті ұсыну үдерісінің сапасына қанағаттанған тұтынушылардың %-ы (үлесі)			
3. Қолжетімділігі			
3.1. Қызметті ұсынудың сапасына және оны ұсыну тәртібі туралы ақпаратқа қанағаттанған тұтынушылардың %-ы (үлесі)			
3.2. Ақпаратқа электронды форматта қол жеткізуге болатын қызметтер %-ы (үлесі)			
4. Шағымдану үдерісі			

4.1. Шағымданудың қолданыстағы тәртібіне қанағаттанған тұтынушылардың %-ы (үлесі)			
5. Сыпайылығы			
5.1. Персоналдың сыпайылығына қанағаттанған тұтынушылардың %-ы (үлесі)			

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 1 2

ж ы л ғ ы

2 9

т а м ы з д а ғ ы

№

1 0 9 9

қ а у л ы с ы м е н

бекітілген

«Туристік қызметті жүзеге асыратын тұлғалардың мемлекеттік тізілімінен және туристік маршруттар мен соқпақтардың мемлекеттік тізілімінен үзінді беру» мемлекеттік қызмет стандарты

1. Жалпы ережелер

1. «Туристік қызметті жүзеге асыратын тұлғалардың мемлекеттік тізілімінен және туристік маршруттар мен соқпақтардың мемлекеттік тізілімінен үзінді» мемлекеттік қызмет (бұдан әрі – Мемлекеттік қызмет) 010000 Астана қаласы, Абай даңғылы, 33, 15-қабат мекенжайында орналасқан Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрлігінің Туризм индустриясы комитеті (бұдан әрі – Комитет) көрсетеді.

2. Көрсетілетін мемлекеттік қызмет нысаны: ішінара автоматтандырылған.

3. Мемлекеттік қызмет «Туристік қызмет туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 13 маусымдағы Заңының 11-бабы 13) тармақшасының негізінде және «Туристік қызметті жүзеге асыратын тұлғалардың мемлекеттік тізбесін және туристік маршруттар мен жолдардың мемлекеттік тізбесін жасау және жүргізу ережесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрі міндетін атқарушының 2008 жылғы 23 қазандағы № 01-08/180 бұйрығымен көрсетіледі.

4. Мемлекеттік қызмет стандарты Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрлігінің «www.mint.gov.kz» интернет-ресурсында о р н а л а с т ы р ы л а д ы .

5. Көрсетілетін мемлекеттік қызмет нәтижесі туристік қызметті жүзеге асыратын тұлғалардың мемлекеттік тізбесінен және туристік маршруттар мен жолдардың мемлекеттік тізбесінен көшірме беру болып табылады.

6. Мемлекеттік қызмет жеке және заңды тұлғаларға (бұдан әрі – мемлекеттік қызмет алушылар) көрсетіледі.

7. Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі:
1) бес жұмыс күнінен аспауы тиіс;
2) сұрау салуды берген кезде күтудің жол берілген ең көп уақыты – 30 минуттан аспайды;

3) мемлекеттік қызмет алушыға қызмет көрсетудің жол берілген ең көп уақыты – 30 минуттан аспайды.

8. Мемлекеттік қызмет тегін көрсетіледі.

9. Сұрауларды қабылдау Комитеттің кеңсесі арқылы күн сайын сағат 9-00-ден 17-00-ге дейін жүзеге асырылады, түскі үзіліс сағат 13-00-ден 14.30-ға дейін.

Қабылдау алдын ала жазылусыз және жеделдетілген қызмет көрсетусіз жүзеге асырылады.

10. Мемлекеттік қызмет Комитет ғимаратында көрсетіледі. Ғимарат мүмкіндігі шектеулі адамдардың кіруіне арналған пандуспен жабдықталған.

2. Мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі

11. Мемлекеттік қызмет алу үшін мемлекеттік қызмет алушы Комитетке жазбаша жүгінеді.

12. Өтініш еркін нысанда түрде қалыптастырылады.

13. Өтінішті қабылдау 010000, Астана қаласы, Абай даңғылы, 33 а, 1501 бөлме мекенжайы бойынша Комитеттің кеңсесі арқылы жүзеге асырылады.

14. Өтініштің тапсырылғанын растау тіркеу (мөртабан және кіріс нөмірі, күні) болып табылады. Мемлекеттік қызмет алушы үшін қабылданғаны туралы белгі қойылған көшірме беріледі.

15. Қызмет көрсету нәтижесін жеткізу тәсілі – жеке баруы немесе почта арқылы.

16. Мемлекеттік қызмет көрсетуді тоқтата тұру немесе мемлекеттік қызметті ұсынудан бас тарту үшін негіздер жоқ.

3. Жұмыс қағидаттары

17. Комитеттің қызметі мынадай қағидаттарға негізделеді:

1) заңдылық;

2) адамның және азаматтың конституциялық құқықтары мен бостандықтарын, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызметшілерінің ар-намыс кодексін сақтау;

3) сыбайлас жемқорлық көріністеріне қарсы тұру;

4) мемлекеттік қызметшілер үшін заңнамада белгіленген тыйымдар мен шектеулерді қатаң сақтау;

5) заң мен сот алдында баршаның теңдігі;

- 6) азаматтардың құқықтары мен бостандықтарының басымдығы;
- 7) сапа және азаматтар мен ұйымдардың өтініштерін қарау кезінде төрешілік пен сөзбұйдалық көріністеріне жол бермеу;
- 8) жеке адамның, қоғам мен мемлекеттің өзара жауапкершілігі мен мүдделерінің тең болуы;
- 9) мемлекеттік құпиялар және заңмен қорғалатын өзге де құпия туралы заңнаманы қатаң сақтай отырып, қоғамдық пікір мен жариялылықты ескеру;
- 10) көрсетілетін мемлекеттік қызмет туралы толық ақпарат беру;
- 11) өтінім беруші құжаттарды алуға келмеген жағдайда құжаттардың сақталуын қамтамасыз ету;
- 12) ақпараттардың сақталуын және құпиялылығын қамтамасыз ету;
- 13) тиімділік;
- 14) сыпайылық.

4. Жұмыс нәтижелері

18. Мемлекеттік қызмет алушыға мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелері осы стандартқа қосымшаға сәйкес сапа және тиімділік көрсеткіштерімен өлшенеді.

19. Мемлекеттік қызмет көрсететін уәкілетті органның жұмысы бағаланатын осы мемлекеттік қызметтің сапа және тиімділік көрсеткіштерінің нысаналы мәні жыл сайын Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрінің бұйрығымен бекітіледі.

5. Шағымдану тәртібі

20. Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрлігінің Туризм индустриясы комитеті (бұдан әрі – Комитет) қызметкерінің әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібін түсіндіруді және өтініш дайындауға жәрдем көрсетуді Комитет Астана қаласы, Абай даңғылы 33, 1501 кабинет мекенжайы бойынша жүзеге асырады.

21. Көрсетілген мемлекеттік қызмет нәтижелерімен келіспеген жағдайда шағым мемлекеттік қызмет алушының таңдауы бойынша мыналарға жолданады:

1) Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрлігі басшысына оның азаматтарды қабылдау кестесі министрліктің интернет-ресурсында мына мекенжай бойынша: www.mint.gov.kz орналастырылған;

2) Министрліктің «сенім телефонына» 8 (7172) 24-04-75, 24-04-76, 24-12-13;

3) Министрліктің www.mint.gov.kz мекенжайындағы интернет-ресурсының «сұрақ – жауап» бөліміне;

4) Министрдің блогына, Министрліктің www.mint.gov.kz мекенжайы

бойынша интернет-ресурсының «Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрінің блогы» беті;

5) Министрлікте 010000, Астана қаласы, Қабынбай батыр даңғылы, 32/1 мекенжайы бойынша орналасқан шағымдар мен ұсыныстарға арналған жәшік а р қ ы л ы ;

6) 010000, Астана қаласы, Қабанбай батыр даңғылы, 32/1 мекенжайы бойынша министрліктің кеңсесіне жазбаша шағыммен.

22. Дұрыс қызмет көрсетілмеген жағдайда Комитет қызметкерлерінің әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым Туризм индустриясы комитеті төрағасының атына жазбаша түрде немесе қолма-қол 010000, Астана қаласы, Абай даңғылы, 33, 1501 кабинет, тел. 8 (7172) 75 31 35 мекенжайы бойынша беріледі.

23. Көрсетілген мемлекеттік қызмет нәтижелерімен келіспеген жағдайда мемлекеттік қызмет алушы заңнамада белгіленген тәртіппен сотқа шағымдануға қ ұ қ ы л ы .

Шағымдарды қарау «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 12 қаңтардағы Заңымен белгіленген тәртіппен және мерзімдерде жүзеге асырылады.

24. Шағымның қабылданғанын растау оны тіркеу (мөртабан, кіріс нөмірі) болып табылады. Өтініш беруші үшін қабылданғаны туралы белгі қойылған к ө ш і р м е б е р і л е д і .

25. Комитеттің байланыс деректері: Туризм индустриясы комитеті төрағасының және төраға орынбасарының қабылдау бөлмесінің телефондары: 8 (7172) 75 31 35; сенім телефоны: 8 (7172) 75 34 62.

«Туристік қызметті жүзеге асыратын тұлғалардың мемлекеттік тізілімінен және туристік маршруттар мен соқпақтардың мемлекеттік тізілімінен үзінді беру» мемлекеттік қызмет стандартына қосымша

Кесте. Сапа және тиімділік көрсеткіштерінің мәні

Сапа және тиімділік көрсеткіштері	Көрсеткіштің нормативтік мәні	Көрсеткіштің келесі жылдағы нысаналы мәні	Көрсеткіштің есепті жылдағы ағымдағы мәні
1. Уақтылылығы			
1.1. Құжаттарды тапсырған сәттен бастап белгіленген мерзімде қызметті ұсыну оқиғаларының %-ы (үлесі)			
2. Сапасы			

2.1. Қызметті ұсыну үдерісінің сапасына қанағаттанған тұтынушылардың %- ы (үлесі)			
3. Қолжетімділігі			
3.1. Қызметті ұсынудың сапасына және оны ұсыну тәртібі туралы ақпаратқа қанағаттанған тұтынушылардың %-ы (үлесі)			
3.2. Ақпаратқа электронды форматта қол жеткізуге болатын қызметтер %-ы (үлесі)			
4. Шағымдану үдерісі			
4.1. Шағымданудың қолданыстағы тәртібіне қанағаттанған тұтынушылардың %-ы (үлесі)			
5. Сыпайылығы			
5.1. Персоналдың сыпайылығына қанағаттанған тұтынушылардың %-ы (үлесі)			

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 1 2 ж ы л ғ ы

2 9

т а м ы з д а ғ ы

№ 1 0 9 9

қ а у л ы с ы м е н

бекітілген

«Туристік операторлық қызметке (туроператорлық қызметке) лицензия беру, қайта ресімдеу, лицензия телнұсқасын беру» мемлекеттік қызмет стандарты

1. Жалпы ережелер

1. «Туристік операторлық қызметке (туроператорлық қызметке) лицензия беру, қайта ресімдеу, лицензия телнұсқасын беру» мемлекеттік қызметін» (бұдан әрі – мемлекеттік қызмет) Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрлігінің Туризм индустриясы комитеті (бұдан әрі – уәкілетті орган) мекенжайлары осы стандартқа 1-қосымшада көрсетілген халыққа қызмет көрсету орталықтары арқылы (бұдан әрі – орталық), сондай-ақ «электронды үкімет» веб-порталы: www.e.gov.kz немесе «Е-лицензиялау» www.elicense.kz веб-порталы (бұдан әрі – портал) арқылы мемлекеттік қызмет алушының электрондық-цифрлық қолтауба (бұдан әрі – ЭЦҚ) болған жағдайда к ө р с е т е д і .

Мемлекеттік қызмет көрсетуге қол жеткізуді қамтамасыз ету мақсатында шалғайдағы елдімекендердің тұрғындарына мобильдік орталықтар арқылы мемлекеттік қызмет көрсетуге жол беріледі.

2. Көрсетілетін мемлекеттік қызмет нысаны: ішінара автоматтандырылған.

3. Мемлекеттік қызмет «Қазақстан Республикасындағы туристік қызмет туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 15-бабы және 11 бабының 5) тармақшасына, «Лицензиялау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 27-бабының 9) және 14) тармақшаларына, «Ақпараттандыру туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 11 қаңтардағы Заңының 29-бабына сәйкес көрсетіледі.

4. Мемлекеттік қызмет көрсету туралы ақпарат:

1) Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрлігінің www.mint.gov.kz интернет-ресурсында;

2) «Халыққа қызмет көрсету орталығы» республикалық мемлекеттік кәсіпорнының www.con.gov.kz интернет-ресурсында;

3) ресми ақпарат көздерінде және мекенжайлары осы Стандарттың 2-қосымшасында көрсетілген уәкілетті органның ғимаратында орналасқан стендтерде, үлгілері бар ақпараттық тақталарда;

4) порталда орналастырылады.

Сондай-ақ, мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі туралы ақпаратты call-орталықтың телефоны (1414) бойынша алуға болады.

5. Көрсетілетін мемлекеттік қызмет нәтижесі www.elicense.kz порталында электрондық сандық қол қойылған электрондық құжат нысанындағы тuroператорлық қызметті жүзеге асыруға лицензия беру немесе электрондық құжат нысанында мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту дәлелді жауап беру болып табылады.

6. Мемлекеттік қызмет жеке және заңды тұлғаларға (бұдан әрі – мемлекеттік қызмет алушы) көрсетіледі.

7. Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімдері:

1) мемлекеттік қызмет алушы орталыққа немесе порталға өтініш берген сәттен бастап 10 жұмыс күнін құрайды (құжаттарды қабылдаған және берген күн мемлекеттік қызмет көрсету мерзіміне кірмейді);

2) көрсетілетін мемлекеттік қызметті алғанға дейін жол берілетін ең көп уақыт – 20 минуттан аспайды;

3) көрсетілетін мемлекеттік қызметті алушыға қызмет көрсетудің жол берілетін ең көп уақыты – 20 минуттан аспайды.

8. Мемлекеттік қызмет ақылы негізде көрсетіледі.

Осы қызметті иелену құқығы үшін лицензиялық алым «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасы Салық Кодексінің 471-бабына сәйкес төленеді.

Туристік операторлық қызметке (turoператорлық қызметке) лицензия алуға, қайта ресімдеуге, лицензия телнұсқасын беруге портал арқылы электрондық сұрау салынған жағдайда, ақы «электрондық үкімет» төлемақылық шлюзі

арқылы жүзеге асырылады.

9. Жұмыс кестесі:

1) орталықтар – мемлекеттік қызмет еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндерін қоспағанда, дүйсенбіден бастап сенбіні қоса алғанда, белгіленген кестеге сәйкес күн сайын сағат 9.00-ден бастап сағат 20.00-ге дейін үзіліссіз көрсетіледі.

Қабылдау жеделдетілген қызмет көрсетусіз, «электрондық кезек» тәртібімен жүзеге асырылады.

Мобильдік орталықтар құжаттарды қабылдауды орталықтың бекітілген кестесіне сәйкес, бірақ бір елді мекенде кемінде алты жұмыс сағаты ішінде жүзеге асырады;

2) порталдар – тәулік бойы.

10. Мемлекеттік қызмет:

1) мемлекеттік қызмет алушының таңдауы бойынша мүмкіндіктері шектеулі адамдардың қол жеткізуіне жағдайлар көзделген орталық ғимаратында көрсетіледі. Аумақтық органдардың үй-жайларында және күту залы, ақпараттық стендлер бар орталық ғимаратында көрсетіледі.

2) порталда – жеке кабинетте.

2. Мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі

11. Мемлекеттік қызмет алу үшін мемлекеттік қызмет алушы мынадай құжаттарды ұсынады:

орталықта:

1) өтініш;

2) заңды тұлға үшін – жарғының (салыстырып тексеру үшін түпнұсқалары берілмеген жағдайда нотариалды куәландырылған) көшірмесі;

3) мемлекеттік қызмет алушының салық органында есепке тұрғаны туралы куәліктің (салыстырып тексеру үшін түпнұсқасы берілмеген жағдайда нотариалды куәландырылған) көшірмесі;

4) қызметтің жекелеген түрімен айналысу құқығы үшін бюджетке лицензиялық алымның төленгенін растайтын құжаттың (салыстырып тексеру үшін түпнұсқасы берілмеген жағдайда нотариалды куәландырылған) көшірмесі;

5) біліктілік талаптарына сәйкес:

қалыптастырылған туристік өнімнің;

қалыптастырылған туристік өнімге кіретін, жекелеген туристік қызметтерді көрсетуге үшінші (екі немесе одан көп) тұлғалармен жасасқан шарттардың;

туристік ваучер (жолдама) үлгісінің;

туристік білімі және кемінде бір жыл жұмыс өтілі бар кемінде бір

қызметкердің;

кеңсе үшін меншікті немесе жалға алынған үй-жайдың;
туристік өнімге кіретін туризм инструкторы көрсететін қызметті, жол жүру,
қонақ үйде тұру жөніндегі қызметтерді туроператор дербес көрсеткен жағдайда
меншікті немесе жалға алынған материалдық базаның;

Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен үлгі шартқа сәйкес туристік
қызмет көрсетуге жасалған шарт жобасының;
туроператордың азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру
шартының мәліметтері мен құжаттары;

6) жеке тұлға үшін – жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі;

7) заңды тұлға үшін – мемлекеттік қызметті алушыны заңды тұлға ретінде
мемлекеттік тіркеу туралы куәлік* немесе анықтама;

8) дара кәсіпкер үшін – дара кәсіпкер ретінде мемлекеттік қызмет алушының
мемлекеттік тіркелгені туралы куәлік.

Мемлекеттік электрондық ақпараттық ресурстар болып табылатын құжаттар
мәліметтерін уәкілетті орган халыққа қызмет көрсету орталықтарының
ақпараттық жүйесі арқылы тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден
электрондық сандық қол қойылған электронды құжаттар нысанында алады.

Орталық қызметкері құжаттар түпнұсқаларының шынайылығын мемлекеттік
органдардың мемлекеттік ақпараттық жүйелерінен алынған мәліметтермен
салыстырып тексереді, одан кейін түпнұсқаларды мемлекеттік қызмет алушыға
қ а й т а р а д ы .

П о р т а л д а :

1) мемлекеттік қызмет алушының ЭЦҚ қойылған электронды құжат
н ы с а н ы н д а ғ ы с ұ р а т у ;

2) электронды сұратуға электронды сканерленген көшірме түрінде бекітілген
з а ң д ы т ұ л ғ а н ы ң ж а р ғ ы с ы ;

3) біліктілік талаптарына сәйкес:
қалыптастырылған туристік өнімнің;

қалыптастырылған туристік өнімге кіретін жекелеген туристік қызметтер
көрсетуге үшінші тұлғалармен (екі не одан көп) жасасқан шарттардың;
туристік ваучер (жолдама) үлгісінің;

кемінде бір жыл жұмыс өтілі бар, туристік білімі бар кемінде бір
қ ы з м е т к е р д і ң ;

кеңсе үшін жалға алынған немесе меншікті үй-жайдың;
туристік өнімге кіретін туризм нұсқаушысына үй-жайда тұру, жол жүру
қызметтер көрсету бойынша қызметтерді туроператор дербес көрсеткен
жағдайда, меншікті немесе жалға алынған материалдық базаның;

Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен үлгі шартқа сәйкес келетін

туристік қызмет көрсетуге арналған шарт жобасының; туроператордың азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартының мәліметтері мен құжаттары – электронды сұратуларға электронды сканерленген көшірмелер түрінде бекітіледі; мына құжаттардың мәліметтері:

4) жеке тұлға үшін – мемлекеттік қызмет алушының жеке басын куәландыратын құжат;

5) заңды тұлға үшін – мемлекеттік қызметті алушыны заңды тұлға ретінде мемлекеттік тіркеу туралы куәлік* немесе анықтама.

Ескертпе: * «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу және филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2012 жылғы 24 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңы қолданысқа енгізілгенге дейін берілген заңды тұлғаны (филиалды, өкілдікті) мемлекеттік (есептік) тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәлік заңды тұлғаның қызметі тоқтатылғанға дейін жарамды болып табылады;

6) дара кәсіпкер үшін - мемлекеттік қызмет алушының дара кәсіпкер ретінде мемлекеттік тіркелгені туралы куәлік;

7) мемлекеттік қызмет алушының салық органында есепке қойылғаны туралы куәлік;

8) бюджетке лицензиялық алым төленгені туралы мәліметтер.

Мемлекеттік электрондық ақпараттық ресурстар болып табылатын құжаттар мәліметтерін уәкілетті орган портал арқылы тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден ЭЦҚ қойылған электронды құжаттар нысанында алады.

Ескерту. 11-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 10.07.2013 № 706 (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

12. Орталықтарда мемлекеттік қызмет алу үшін бекітілген нысандағы өтініш бланкілері күту залындағы арнайы тұғырларда, сондай-ақ www.con.gov.kz интернет-ресурсында орналастырылады.

Портал арқылы мемлекеттік қызмет алу үшін электронды құжат нысанын тоқтыру қажет.

13. Орталықтарда құжаттарды қабылдау операциялық залда «бөгетсіз» қызмет көрсету арқылы жүзеге асырылады.

Порталда электронды сұрау салуды қабылдау «жеке кабинетте» жүзеге асырылады.

14. Мемлекеттік қызметті алуға қажетті барлық құжаттарды тапсырған кезде мемлекеттік қызмет алушыға:

1) орталыққа өтініш бергенде, мыналарды көрсете отырып, тиісті құжаттарды

қабылдағаны туралы қолхат беріледі:
сұрау салудың нөмірі мен қабылданған күні;
сұрау салынып отырған мемлекеттік қызмет көрсетудің түрі;
қоса берілген құжаттардың саны мен атаулары;
құжаттардың берілген күні (уақыты) мен орны;
құжаттарды ресімдеуге өтінішті қабылдаған орталық қызметкерінің тегі, аты,
ә к е с і н і ң а т ы ;

мемлекеттік қызмет алушының тегі, аты, әкесінің аты, уәкілетті өкілдің тегі,
аты, әкесінің аты және олардың байланыс телефондары;

2) Портал арқылы өтініш жасағанда мемлекеттік қызмет алушыға порталдағы «жеке кабинетіне» мемлекеттік қызмет алушының көрсетілетін мемлекеттік қызмет нәтижесін алған күні мен уақыты көрсетілген мемлекеттік қызмет көрсету үшін сұраудың қабылданғаны туралы хабарлама-есеп жіберіледі.

15. Орталықта мемлекеттік қызмет алушыға дайын құжаттарды беруді орталық қызметкері қолхат негізінде, онда көрсетілген мерзімде күн сайын «терезе» арқылы жүзеге асырады.

Егер мемлекеттік қызмет алушы нәтижені алуға көрсетілген мерзімде келмеген жағдайда, орталық бір ай бойы олардың сақталуын қамтамасыз етеді, одан кейін оларды уәкілетті органға береді.

Көрсетілген қызмет нәтижесі алушыға порталдағы «жеке кабинетке» жіберіледі.

16. Мемлекеттік қызмет көрсетуден мынадай жағдайларда бас тартылады, е г е р :

1) осы субъектілер санаты үшін қызмет түрімен айналысуға Қазақстан Республикасының заңдарында тыйым салынса;

2) лицензия алуға өтініш берілген жағдайда, туроператорлық қызметпен айналысу құқығына лицензиялық алым енгізілмесе;

3) мемлекеттік қызмет алушы біліктілік талаптарына сәйкес келмесе;

4) мемлекеттік қызмет алушыға қатысты оған туроператорлық қызметпен айналысуға тыйым салатын заңды күшіне енген сот үкімі болса.

Уәкілетті орган мемлекеттік қызмет алушының құжаттарын алған сәттен бастап екі жұмыс күні ішінде ұсынылған құжаттардың толымдығын тексеруге міндетті. Ұсынылған құжаттардың толық болмауы фактісі анықталған жағдайда, уәкілетті орган көрсетілген мерзімдерде өтінішті әрі қарай қараудан жазбаша дәлелді түрде бас тартады.

Егер уәкілетті орган белгіленген мерзімдерде мемлекеттік қызмет алушыға лицензия бермеген немесе лицензия беруден дәлелді бас тартуды ұсынбаған жағдайда, онда оларды беру мерзімдері өткен күннен бастап лицензия берілген деп е с е п т е л е д і .

Уәкілетті орган лицензия беру мерзімі өткен сәттен бастап бес жұмыс күнінен кешіктірмей мемлекеттік қызмет алушыға тиісті лицензияны беруге міндетті.

Уәкілетті орган бес жұмыс күні өткен соң лицензия бермеген жағдайда, лицензия алынған деп есептеледі, ал лицензияның өзін алғанға дейін лицензияланатын қызмет түрін жүзеге асырудың заңдылығын растайтын құжат уәкілетті органның құжаттарды қабылдаған күні туралы белгісі бар тізімдемесінің көшірмесі болып табылады.

Орталық қызметкері құжаттарды қабылдаудан бас тартқан кезде, мемлекеттік қызмет алушыға жетіспей тұрған құжаттарды көрсете отырып қолхат береді.

17. Лицензия және (немесе) лицензияға қосымша жоғалған, бүлінген жағдайда мемлекеттік қызмет алушы лицензияның және (немесе) лицензияға қосымшаның телнұсқаларын алуға құқығы бар.

Лицензияның және (немесе) лицензияға қосымшаның жоғалған, бүлінген бланкілері мемлекеттік қызмет алушы уәкілетті органға жазбаша өтініш берген күнінен бастап жарамсыз деп есептеледі.

Уәкілетті орган өтініш берілген күннен бастап екі жұмыс күні ішінде жаңа нөмір бере отырып және жоғарғы оң жақ бұрышында "Телнұсқа" деген жазуы бар лицензияның және (немесе) лицензияға қосымшаның телнұсқаларын береді.

Лицензия және (немесе) лицензияға қосымша мынадай жағдайларда:

- 1) жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты өзгергенде;
- 2) дара кәсіпкерді қайта тіркеген, оның атауы мен мекенжайы өзгерген кезде;
- 3) заңды тұлғаны бірігу, қосылу, бөлініп шығу немесе қайта құру нысанында қайта ұйымдастырған кезде;
- 4) заңды тұлғаның атауы және (немесе) заңды мекен-жайы өзгерген кезде қайта ресімдеуге жатады.

Қызмет түрінің және (немесе) кіші түрінің атауы өзгерген жағдайда, мемлекеттік қызметті алушының лицензияны қайта ресімдеу туралы өтініш беруге құқығы бар.

Мемлекеттік қызметті алушы қайта ресімдеу туралы өтінішті лицензияларды қайта ресімдеу кезінде қызметтің жекелеген түрлерімен айналысу құқығы үшін бюджетке лицензиялық алым төлегенін растайтын құжаттарды және лицензия мен лицензияға қосымшаның (болған жағдайда) көшірмелерін күнтізбелік отыз күн ішінде береді.

Өтінішке құжаттарды қоса ұсынбаған жағдайда, уәкілетті орган лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны қайта ресімдеуден бас тартады.

Мемлекеттік қызмет алушы тиісті жазбаша өтініш берген күннен бастап он жұмыс күні ішінде уәкілетті орган лицензияны және лицензияға қосымшаны (болған жағдайда) қайта ресімдейді.

Мемлекеттік қызмет алушы қайта ресімделген лицензияны алған кезде бұрын

берілген лицензия мен лицензияға қосымшаны (бар болса) уәкілетті органға қайтаруға міндетті.

3. Жұмыс қағидаттары

18. Уәкілетті органның мемлекеттік қызмет алушыға қатысты қызметі мынадай қағидаттарға негізделеді:

- 1) адамның және азаматтың конституциялық құқықтары мен бостандықтарын сақтау ;
- 2) қызметтік парызды орындау кезінде заңдылықтың сақталуы;
- 3) мемлекеттік қызмет алушымен жұмыс кезіндегі сыпайылық;
- 4) көрсетілетін мемлекеттік қызмет туралы толық ақпарат ұсыну;
- 5) лауазымды тұлғалардың өтініштерді қарау кезіндегі қызметінің ашықтығы;
- 6) мемлекеттік қызмет алушыға құжаттардың сақталуын қамтамасыз ету;
- 7) мемлекеттік қызмет алушының құжаттарының мазмұны туралы ақпараттың қорғалуы және құпиялығы.

4. Жұмыс нәтижелері

19. Мемлекеттік қызмет алушыға мемлекеттік қызмет көрсету жөніндегі жұмыстың нәтижелері осы стандартқа 2-қосымшаға сәйкес сапа және тиімділік көрсеткіштерімен өлшенеді.

20. Орталықтың жұмысы бағаланатын мемлекеттік қызмет көрсетудің сапа және тиімділік көрсеткіштерінің нысаналы мәндері жыл сайын Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрінің бұйрығымен бекітіледі.

5. Шағымдану тәртібі

